

А. ОҢҒАРҰЛЫ

## ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕН ЖЕТІСУ ЭЛИТАРЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРДЕ ЗЕРТТЕУ

Ерте темір дәуіріндегі саяси-экономикалық өзгерістер мен ежелгі көшпелілердің әлеуметтік жіктелу мәселесі ХХ ғасырдың басынан бері пікір-таласқа толы, өзекті тақырып. Еуразияның әр өлкесінде қазылған көлемі үлкен, бағалы заттар көптеп табылған обаларды патшалық деп атау әдетке айналып бара жатқандай. Сонда шынымен, осыншама патшалар өмір сүрген бе деген ойға қаласыз. Патшалық ескерткіштер аясына тайпалық одақ, тайпа және ру көсемдерінің, байлардың мен абыздардың да обалары еніп кеткен. Жерленген адамның әлеуметтік дәрежесін анықтауда ескерткіштің салынған жері, қорымдағы орны, жер үсті құрылысы, қойылған заттардың саны мен сапасы, одан алынатын мәліметтің құндылығы, ғұрыптық рәсімдердің орындалу деңгейі мен кеткен еңбек шығыны есептелінуі қажет.

Ат үстінде саяхаттап, ат үстінде соғысып, ат үстінде ойланып, ат үстінде әңгімелесіп өмірі өткен көшпелілер тарихының қайнар бастауы сонау б.з.д. I мыңжылдықтың басынан басталады. Далалық тұрмыста әр көшпелі өзі шебер, өзі ісмер болды. Әр малшының, әр жауынгердің ұсталық, зергерлік өнерде өз құпиясы болды және ісімен шын ықыласымен айналысты. Ерекше дарындылары рудамен, тайпада мойындалған шеберлер атанды. Ежелгі көшпелілерде әлеуметтік бөлініс болғандығын қазіргі ғылым жетістігі мойындауда. Тұлғаның статусы жерлеу кешені, баскиімі, киімі, белдігі, бес қаруы, ер-тұрманы және т.б. ерекшелінді.

Ерте темір дәуіріндегі ру, тайпа, тайпалық одақтың жер бөлінісінің көрсеткіші — ірі қорымдар ғасырлар бойы бір орында салынып, адамдар қоғамдағы орнына қарай онда жерленіп отырды. Қорымда жерлеу орны қалмағанда, я болмаса басқа да өзгерістерге (саяси, діни т.б.) байланысты туыстық жерлеу басқа жерге ауыстырылды. Мұны қазақи этнографиялық қалдықтары дәлелдейді. Тіпті қола дәуірінен бастап көне түркі дәуіріне дейінгі обалар шоғырланған қорымдар баршылық.

Құрылыстың оба тұрғызу дәстүрі кең далада көптеген ғасырлар бойы жүрді. Әр тарихи-мәдени кезеңде белгілі бір себептерге байланысты оның архитектурасы мен көркемдік жағына ерекшеліктер қосылып отырды. Осы дәстүрдің ең бір шарықтап дамыған уақыты — ерте темір дәуіріне

тән болса керек. Оба ғұрыптық істер атқарылған күрделі мағыналы кешен болуымен қатар тарихи-археологиялық құнды дерек алар орын.

Ерте темір дәуірі қоғамында мемлекеттілік болды ма, әлеуметтік құрылысы қалай еді деген сұрақтарға жауап таба алмай жүрген, Арал бойында ашылған Шірікқабат, Баланды т.б. қалаларынан басқа қазақ жерінде отырықшы мәдениеті ашылмаған ерте көшпелілердің дүниетанымын, өнерін және мәдениетін ашу бүгінде тек қирандылары қалған ұлы даладағы сан мыңдаған жерлеу ескерткіштерін зерттеу арқылы жүргізілуде.

Сақ-скиф археологиясында «патшалық» обаларды зерттеуге деген қызығушылық алғаш рет 1763 жылы генерал Мельгуновтың Литый обасын қазуымен оянған еді. Содан ХХ ғасырдың басына дейін жиырма шақты оба материалдары белгілі болса, Кеңес үкіметі жылдары С. И. Руденконың Алтайда ашқан Пазырық обасы мен П. К. Козловтың Моңғолияда Ноин-уул обасын ашуымен бұл архитектуралық ескерткіштер қызығушылық пен кездейсоқтық арқасында Алтай, Минусин қазаншұңқыры, Жетісу, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қаратеңіз бойында көптеп ашылуда. Ерекше айтар Орджонидзедегі Толстая могила, Алматы маңындағы Есік обасы мен Минусин қазаншұңқырындағы Аржан.

Тайпаның жоғарғы беделділері мен ел қалаулылары тобы б.з.д. IX ғасырдан бастап қалыптаса бастаса керек. Билік өлеттік мұраға берілмеді, жеке тұлға қасиеті мен беделіне байланысты ел басқарды. Сондықтан патшалық оба деген түсінік шартты түрде айтылған. Менің ойымша, Еуразиядағы ежелгі көшпелілердің жерлеу ескерткіштері толығымен зерттелінбей, олардың шығуы мен таралған орталығы туралы пікір таластыру мен қорытынды жасау ерте. Қазірде сақ-скиф археологиясында өте жақсы зерттелінген және нашар зерттелінген деген аумақтар ғана бар. Тарбағатай мен Алатау таулары аралығында ақтандақ болып Алакөл ойпаты сынды мыңғырған обалы жазықтар зерттелінбей жатса да барлығының сол кездегі бір сақ-сібірлік әлемге жататындығын ескере отырып, осы аймақтағы қазіргі зерттелінген элитарлық обаларын (Шілікті, Бесшатыр, Есік және Новоалексеевка) өлген адамды о дүниеге аттандырулары мен соған қатысты атқарылатын істер

жағынан қарастырып, бастама қорытындылар жасауды мақсат тұттық. Бұл обалар өз кезеңінде тек жерлеу орны ретінде ғана қарастырылып зерттелінгені ақиқат. Бүгінде біз әр обаны жеке архитектуралық ескерткіш ретінде қарап, қорымның кеңістікте микроәлем ретінде ұйымдастырылуы, ондағы тұйық бірлік емес әр обаның орны, оның қатарлас обалармен тікелей байланысы, қабір үсті мен ішкі құрылымы т.б. тұрғыдан талдаймыз.

Ал ел қалаулыларының диаметрлері 100-200 м, биіктігі 17 метрге дейінгі ірі құрылыстары Шіліктіде, Луговойда, Алтынмелде, Жетітөбеде, Бешатыр I, Қайратта, Жуантөбеде, Қырықобада бар. Моңғол Алтайы мен Шыңжаңда да барлығы сөзсіз<sup>1</sup>.

Адамзат мәдениетінің алғашқы қадамын байқасаңыз, қоршаған ортаның әсері қаншама зор болғандығын көресіз. Барлық мәдени білімдердің көне қоры, халықтық салттар, тіпті халықтардың антропологиялық түрі мен оның әртүрлі діни дүниетанымына байланысты рухани әлемі осы қоршаған ортадан алған білімдеріне, әсерлеріне байланысты дамыды. Оның әсері әр ортада өмір сүрген барлық тіршілік иелеріне өзіндік таңбасын қалдырды. Әр физикалық, географиялық жағдайлар тұрғындардың тарихи тағдырында бейнелі орнын алды.

Тарбағатай мен Алатау таулары аралығында ақтандақ болып Алакөл ойпаты сынды мыңғырған обалы жазықтар зерттелінбей жатса да, барлығының сол кездегі бір сақ-сібірлік әлемге жататындығын ескере отырып, бар зерттелінген, мол мәлімет беретін шығыс және оңтүстік-шығыс Қазақстандағы «патшалық» обалар бойынша бастама қорытындылар жасауды мақсат тұттық. Аталмыш өлкелердегі жерлеу некропольдерінің орналасуына табиғи-климаттық және ландшафтылық ерекшелік айрықша рөл атқарды. Ерте сақ тарихи кезеңіне жататын Шілікті обаларының орналасқан Сауыр-Тарбағатай таулы аймағы табиғи жағдайы бойынша Алтай мен Тянь-Шань таулары аралығын алып жатыр. Бірақ ландшафтысы Орталық Азиядан гөрі Сібір, моңғол ландшафтысына ұқсас. Екі жота да Зайсан ойпатының оңтүстігінде батыстан шығысқа қарай созылып жатыр. Оңтүстік Алтайдан жауын-шашын түсімінің аз болуымен ерекшеленеді. Тарбағатай-

да далалық ландшафт басым болса, Сауыр — таулы-орманды-жайылымды-далалық мекен. Тарбағатай өңірі ендік бағыт бойынша 300 шақырымға созылады. Алайда Қазақстан жағына 180 шақырымдық шығыста Хабар асу асуынан Аягөз өзеніне дейінгі батыс бөлігі енеді. Мұнда далалық ландшафт басым, тау жотасының солтүстік баурайларында альпі жайылымдығы бар. Сауыр және Маңырақ, Зайсан мен Шілікті тауаралық ойпаттарының аралығында жатыр. Сауырдың Қазақстан жеріндегі ұзындығы 30 шақырым және жоталары аласара түсіп, Маңырақ жоталарына ұласады. Сауыр жоталарының оңтүстік баурайы қысқа да тік болса, солтүстігі ұзын және жайпақ.


Іле Алатауының солтүстік беткейлері мен Іле аңғары — сақтардың беделді өулеті орналасқан және олардың ғибадатханаларының салынуына таңдалынып алынған жерлері. Мұнда бір жағынан абыз рөлін атқарған басшыларының қабірлері де болды. Іле Алатауының солтүстік баурайы аумағы (Іле аңғарының оңтүстік-батыс бөлігі) солтүстікте Балқаш маңынан оңтүстікте Іле Алатауына дейінгі аралықты және солтүстік-шығыста Іле өзенінен оңтүстік-батыста Шу-Іле тауларына дейінгі аралықты қамтиды. Іле Алатауының солтүстік баурайынан Қастек, Қарақастек, Қарғалы, Шамалған, Қаскелең, Ақсай, Үлкен және Кіші Алматы, Талғар, Есік, Түрген, Қаратүрік және т.б. ұсақ өзендер бастау алады. Алматы, Талғар, Есік, Түрген өзендері мұздықтан бастау алса, басқалары атмосфералық жауын-шашынмен қорек алады<sup>2</sup>.

Шілікті жазығы Тарбағатай, Сауыр-Сайхан және Маңырақ тау жоталарының ортасында 80x30 км шаршы аумақта жатыр. 1949, 1959, 1960-1962 жылдары С. С. Черников №№3, 9, 35, 5, 7 т.б. обаларын зерттеген алпыстан астам обалы Шілікті қорымы бірнеше бөліктерден тұрады, бәріне ортақтық солтүстіктен оңтүстікке қарай аздап ауытқымалдықпен орналасуында (№1.1 сурет). 2003 жылдан бері Шілікті патша обаларын зерттеуші Ә. Т. Төлеубаевтың ойынша, бұл жазықтағы диаметрлері 40-100 м, биіктіктері 4-7 м болатын б.з.д. VIII-I ғғ. тән беделділердің жерленген орны — обаларының саны отыз шақты дейді<sup>3</sup>.


<sup>1</sup>Боковенко Н. А. К вопросу о сложении раннекочевнических культур Казахстана и Саяно-Алтая // Маргулановские чтения. 1990. Ч. 1. М., 1992. С. 136-138.

<sup>2</sup>Казахстан: природные условия и естественные ресурсы СССР. М., 1969. С. 12-15.


<sup>3</sup>Төлеубаев А. Т. Отчет по научному проекту «Сакские памятники Чиликтинской долины» Алматы, 2004. С. 7. // КР БЖҒМ АИ мұрағаты.



1



2



3

№1 сурет.

1-сурет. 1 – Шілікті қорымының жоспары (С. С. Черников бойынша). 2 – Шілікті 2 қорымының жоспары (Ә. Т. Төлеубаев бойынша). 3 – Новоалексеевка қорымының жоспары (И. И. Копылов бойынша)

Сол жылы бұл экспедиция солтүстіктен оңтүстікке созылған он алты обалы тізбектің (№1.2-сурет) оңтүстігіндегі ең ірі №1 Бәйгетөбе обасын (Д – 99 м, биіктігі – 7,9 м) қазып зерттеді. Жетісудағы Есік және Түрген сынды беделділер обасы Іле Алатауының солтүстік баурайындағы солтүстіктен оңтүстікке қарай қойылған обалар тобында орналасса, шатырдай көрінетін бес үлкен үйінділі Бесшатыр қорымы Іле аңғарының оң жағында, Желшалғыр тауының етегінде Шылбыр сайына кірер жерде тұрғызылған. Осы жерден Іленің Іле Алатауының солтүстік баурайларындағы аралық дала толық көрінеді. Бұл жерде сол заманда дала толған мал, өзен бойлай қонған ел, қоныстар мен қыстақтардың орналасқандығы көз алдына елестейді. Зерттеулер 1957, 1959-1961 жылдары К. А. Ақышев бастаған Іле АЭ-сы арқасында жүргізілді<sup>4</sup>. Қорымдағы негізінен екі топтан тұратын отыз бір обалар (оның жиырма бірі тас жабындылы, оны қиыршық тас пен топырақ аралас) солтүстіктен оңтүстікке (өрден еңіске) қарай ұйымдастырыла салынған. Солтүстік тобы құрамына Үлкен Бесшатыр, №2, №3 ірі обалары

енетін алты тас обадан тұрса, оңтүстіктегі тобы жарты шақырым жерде меридиональды бағытта созылған төрт обадан тұрады. Бұл топтың маңайынан (Сб-нан) кіші көлемді бес оба жанаса орналасқан. Басқа обалар осы шатырлардың кеңістікте ұйымдастырылып, орнын тауып, мағынаға ие болғанынан кейінгі жылдары құрмет тұту мен сыйыну ниетінде жандарына салынғандай. Бұл жерлеу ескерткіштері сол аумақты мекендейтін, ескілікті жадында ұстаушы, әрі сақтаушы дала мавзолейлерінде жатқан тандаулы топтың туысқандары, бірақ басқа жіктің адамдарының жерлеулері болуы ықтимал. Тағы бір Іленің аңғарында жатқан, Іле Алатауынан он шақырым солтүстіктегі бірнеше ондаған солтүстіктен оңтүстікке қарай созыла жатқан Новоалексеевка қорымын айта кетпесе болмас. Қорымдағы обалардың саны мен көлеміне қарай үлкен және кіші деп екіге бөлінеді. Үлкен қорымдағы обалардың көбінің үйіндісі сфероидты болып келеді. Бірақ осылардың ортасында орталық тізбектегідей Жетісудың тек осы жерінде ғана кездесетін пирамидалық обалары бар<sup>5</sup>. Жиырма бес обалы кіші қорымның

<sup>4</sup> Ақышев К. А., Қушаев Г. А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. Алма-Ата, 1963.

<sup>5</sup> Копылов И. И. Пирамидальные курганы Новоалексеевского могильника Илийской долины // Ученые записки КазПИ им. Абая. Алма-Ата, 1958. Т. XV. Вып. 2. С. 158.

өзінде екі пирамидалы обалары бар (№1.3-сурет). Новоалексеевка обаларының тағы бір құндылығы XIX ғасырдың аяғынан бастап обалар маңынан мыс, қола еңбек құралдарының, қазандар көмбесін тауып алып жатуы. Шілікті, Бесшатыр, Новоалексеевка, тіпті Аржан обаларына тән ортақтық — аржан сулардың бойында, кең аңғарда, қазаншұңқырда, қысқы жайылымға өте қолайлы, жел жиі соғатын, соңғы кездерге дейін бай-болыстардың қыстауына айналған жерлерге салынуы және өулеттік қорым екендігі<sup>6</sup>.

Қазақтың ұсақ шоқысында негізгі құрылыс материалдары — гранит, диорит, құмдақ тастардың көп болуынан мұнда басқа өлкелерден гөрі тас құрылысы жоғары деңгейде дамыды. Дөрекі тас қабырғалар энеолит пен ерте қола дәуірінде болса да, құрылыс ісінде орта қоладан бастап негізгі рөлге ие бола бастады<sup>7</sup>. Б.з.д. I мыңжылдықтың басында Орталық Қазақстанда монументальды тас архитектурасы кеңге жайылды. Ақ тас, ағаш, саз, қамыстың сапасын жақсы меңгере отырып, мәңгілікке қалған мықты да берік үйлер мен мавзолейлер, храмдарды тұрғыза білді. Қабырғасы горизонтальды плиталармен қалаған, сыртынан тік қойылған плиталары бар екі, үш квадраттардан тұратын қабырғалы, көлемдері 16x16 метр, коридор мен кіре берісі шығыстан болатын Беғазы жартасты мавзолейлері саз бен қамыстан тұрғызылған Түгіскен мавзолейлеріне ұқсас.

Дала архитектурасының, құрылыс мәдениетінің жаңа бір серпінмен дамыған уақыты байлықтың қорланған, әлеуметтік жіктің пайда болған кезі болса керек. Оған дәлел — сайын жазықтар мен қыраттардағы мындап жатқан обалар арасындағы ерекше «тұлғалылары». Салынған обаның көлемі мен биіктігі — кеткен еңбек шығынының молдығын, жерленген адамның статусын білдірсе, оба үйіндісінің құрамы — жергілікті жерде шикізаттың қай түрінің көптігіне байланысты.

Бесшатыр обалары жерлеу камерасының ойылып жасалған есігі шығысқа бағытталған, жер бетіне салынған ескерткіш болуымен ерекше. Қабырғасын ретті түрде, бөренелерден көлденеңінен қиюластыра қалап, бір метр тереңдікке дейін жерге қазылып, тігінен қойылған дінгектер-

мен бекітілген Бесшатырлықтардан екі ғасыр бұрын өмір сүрген шіліктіліктер ағаш құрылысты жер бетінен 1 метр тереңдікте квадрат пішіндес шұңқыр (№5 Шілікті обасында көлемі 7,1x8,3 м) қазып, соған тұрғызған (№2.5-сурет). Шыққан топырақты оңтүстік және солтүстік бөлікке лақтырған (№5 оба). Бұл екі мекен тұрғындары да бөренелерді қиюластырып салу әдісін жетік меңгермесе керек. Бесшатырда қабырғаны тік қойылған ағаш дінгектер ұстап тұрса (№3.4-сурет), Шіліктіде тікбұрышты құрылыстағы (4,6x4,8x1,2 м) бөренелерді тор құра, келесі қатарын алдыңғы қатарынан ішке кіргізе отырып, арасын тастармен, саз лаймен бекіткен (№3.5-сурет). Бұндай ұшына қарай жіңішкере, конус тәрізді, тор құра салынатын және ішкі қабырғасына ағаш дінгектер қойған ағаш құрылыстар Орталық Қазақстандағы материкке аздап тереңдеп енген, іргесіне шымдар немесе топырақ жапқан жерлерде түрінде болған қола дәуірінің үйлерінен, жерлеу орындарынан байқалады (№№3.1, 3.2-суреттер). Бесшатырда жерге қадалған тік бөренелер Беғазыдағы тік плиталардың орнын алмастырып тұр. Шілікті 2, №1 обасындағы ағаш құрылыс Беғазы, №1 мавзолейдің төбесіндегі қалауларға ұқсайды. Бесшатыр мен Шіліктідегі шығыстан салынатын дромостар Беғазы коридорларының жерлеу ескерткіштерінде көрініс табуы болса керек.


Құрылысты салудың бұл түрін Арал бойындағы түгіскендіктер де қолданған (№3.3-сурет).

Бесшатырда жерлеу камерасының іші ашық болса, шіліктіліктер мола шұңқыры мен дромосты тас, бөренемен жауып тастаған. Шілікті 3, №1 обасы үйіндісінің пирамида тәріздес шым қабатының астынан, жер бетінде мола шұңқырының айналасында «радиальды» сәулелер іспетті бөренелердің қойылғандығы мен олардың біткен шеттерінде, оларға перпендикулярды түрде, екі қатармен қойылған қоршау болған<sup>8</sup>. Бұл өз кезегінде қабір шұңқыры — күн, ал бөренелер — күннің сәулелері түрінде «арнайы» салынған және осындай іші дөңгелене келетін құрылыс қола дәуірінің соңына жататын Аркаим, Синташтадан бастап Улуг-Хорум, Аржанда байқалады. Мұның барлығы «мұртты» обадағыдай екі доғада от жағып, ортасында белгілі бір ғұрыпты орындау үшін кіргендігін тағы да растайтындай. Мұнда От пен

<sup>6</sup> Грязнов М. П. Аржан. Л., 1980. С. 3.

<sup>7</sup> Маргулан А. Х. Беғазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1979. С. 300.





<sup>8</sup> Төлеубаев Ә. Т., Үмітқалиев Ұ. Ұ., Шайкенов Ж. және т.б. Шілікті 3 қорымының №1 обасын зерттеу қорытындылары // Мемлекеттік мәдени мұра бағдарламасы бойынша 2005 жылғы археологиялық зерттеулер жайлы есеп. Алматы, 2005. С. 121.





2-сурет. 1 – Аржан обасы; 2 – Аркаим протокаласы; 3 – Бесшатыр, №3 оба; 4 – Бесшатыр, №1 оба; 5 – Шілікті, №5 оба; 6 – Ново-алексеевка, №2 оба; 7 – Шілікті 3, №1 оба

Күннің рөлінде квадратты шұңқырдың айнала-сындағы бөренелер де, кіру шығыс жақтағы дромос арқылы болған. Осының бәрі бірінші құрылыс сатысында – жерді тандап, дайындап, ағаш



құрылысты салғаннан кейін құрылыс біраз уақыт XVIII–XIX ғасырлардағы мазарлар сынды халық игілігіне (табыну, еске алу) жаратылса керек, яғни ашық тұрса керек деген ойға итермелейді.




2



3



4



5

3-сурет. 1 – Бегазы, қола дәуірінің №1 мавзолейі; 2 – Орталық Қазақстан, қола дәуірінің тұрғын үй құрылымы (Ә. Х. Марғұлан бойынша); 3 – Солтүстік Түгіскен, №5а мавзолейі; 4 – Бешатыр, №6 обаның жоспары мен қимасы; 5 – Шілікті 2, №1 оба

Бөренелерді қиюластырмай, тор көз етіп, 0,8 метр биіктікке дейін салып, оның үстіне көлененінен сол бөренелермен жапқан, жетпістен астам жерлеу камералы, обасының диаметрі 110 м, биіктігі 3–4 м, 17 адам (оның орталық жерлеудегі әйел мен №4 жерлеудегі жасөспірімнен басқалары жасы келген еркектер), б.з.д. IX–VIII ғасырларға жататын Аржан обасы (№2.1. сурет) жаппай тас үйінділі, қиыршық плиталардан тұратын қабырғамен дөңгелене қоршалған, ішінде ағаш платформаның ішкі бөлмелеріне баратын жолдармен байланысты ашық «галерея», жалпақ, қиылған конус түріндегі платформалы болған дейді. Көне жер бетіне бұрыштары ССБ, ОББ, ООШ, СШШ-қа бағытталған, 64 м<sup>2</sup> көлемді төртбұрыш жерлеу камерасын салған (№4.3 сурет). Осы қима-тағанның ортасында екі қабырғадан тұратын тағы бір қима-таған бар. Осы қима-тағанның жалпы көлемі 16 м<sup>2</sup>, ішкі пайдалы көлемі 8 м<sup>2</sup>. Ішіндегі екі астау-табытта екі адам жерленген. Қима-тағанның сырты жалпағынан қойылған плиталармен циста тәрізді етіліп көмкерілген<sup>9</sup>. Ішкі және сыртқы қима-таған арасында ош-да алты жылқы жерлеуі мен сегіз адам жерлеуі жатты (сб-да бесеу, об-да екеу, сш-да біреу). Аржанның ағаш платформасы торлап салу техникасын қолдануы мен жерлеу камераларының радиальды орналасуымен айрықша.

Галерея мен 32-33 сәулелі ағаш құрылыс біраз уақыт ашық тұрған. Адамды көне жер бетіне жерлегендері, ағаш «үйдің» ашық болғандығы сияқты обаға тән қасиет — қола дәуірінен жеткен дәстүр — адамды бір қырымен жерлеулері. Жерленген 180-дей жылқының барлығының бастары орталық камераға қаратылған жылқылардың көбінің артқы аяқтары сыртқа созылып жатыр, кейбірінде ауыздықты, сулықты жылқының бастары 80 см биіктікте аршылған. Сондықтан да Д. Г. Савинов ол жылқылар тігінен тұрғызылып қойылған деп қорытындылайды. Бұл өз кезегінде Қытайдағы Цинь Ши хуандидің сазды армиясымен ұқсайды<sup>10</sup>. Аржан қорымында диаметрлері 40–75 м обалар саны — 29, ал диаметрлері 80 м, 105 м, 120 м (Аржан) обалар бір-бірден орналасқан. Биіктігі 3-4 м осы Аржан обасынан бас-

қасының үйіндісі топырақтан. Үйіндіде жұмыртастардан бастап адам көтере алмас, тек көлікпен әкелінетін ірі тастар да болды. Мұнда әдемілен өңделген бөренелерді арасын ашық етіп, қима-таған түрінде емес, биіктіктері 2,4-3 м болған, төбесі жабылған төртбұрышты камералар ретінде жер бетіне салынған<sup>11</sup>. Аржандағы ағаш құрылыстың диаметрі 80 метрдей. Құрылыстың шетіне айналдыра камераларға жанай, еңіс етіліп бөренелер қойылып шыққан. Орталық қима-таған (көлемі 8x8 м) ішіне одан екі есе кіші тағы қима-таған салған. Қос тағанның сыртында жалпағынан төселген плиталар қаптауы — тас циста болды. Патша әйелімен, сегіз беделді басқарушыларымен жерленген бұл обаны қыркүйек айында тұрғызған делінеді<sup>12</sup>. Басты камераның еден астында өлген адамның жайлы жатуы, жер жамбасына батпас үшін жылқының құйрық, құйымшақ сүйектерін қойған. Соңғы жылдары казылған Аржан 2 обасы қабір шұңқырының көлемі — 5,5x4,5 м, тереңдігі 4 м астам, СБ-ОШ бағытталған (№4.1-сурет). Жерлеу камерасы тікбұрышты, екі қабатты бөрене қабырғалы, едені бар, адамды қойғаннан соң қабірді сазбен толтырған. Шілікті, №5 обасында (диаметрі 66 м, биіктігі 6 м) сақ ақсүйектерінің өкілдерін жерлеу үшін бір метр тереңдікте ағаш бөренелерден тікбұрышты құрылыс (өлшемі 4,8x4,6 м, биіктігі 1,2 м) салған (№4.2-сурет). Бекітусіз, тор көз құра салынған шұңқырдың ішіне от жағылған! Бөренелер арасындағы қуыстар уатылған таспен бекітілген<sup>13</sup>.

Жалпы жерлеу ескерткіштерін салуда кейбір материалдар (қарағай, малта тастар, ірі жұмыртастар, саз) жергілікті жерде жоқ болса да, жерлеу рәсімінің міндетті қосалқы бөлшегіне жатты. Мысалы, Бесшатырдың ағаш құрылысын тұрғызуға бөренелерді өзеннің арғы беті Іле Алатауынан (200 шақырымнан) әкелді. Бесшатырды тұрғызушылар Іле Алатауы бойындағы боралдай-есік-түрген-шелек обаларын салушыларды жақсы білді. Бесшатыр осы халықтардың жерлеу құрылысының ашылған ерте түрі.

Жыққан жерінен ағашты бұтап, құлақ тесіп, атпен сүйретіп қаншама жұрт әкелген.



<sup>9</sup> Савинов Д. Г. Реконструкция погребального комплекса кургана Аржан, его компоненты и аналогии // Северная Евразия от древности до средневековья. СПб., 1992. С. 108-112.

<sup>10</sup> Савинов Д. Г. Реконструкция погребального комплекса кургана Аржан, его компоненты и аналогии // Северная Евразия от древности до средневековья. СПб., 1992. С. 112.


<sup>11</sup> Грязнов М. П. Аржан. Л., 1980. С. 4-10.

<sup>12</sup> Сонда. 15, 46 бет.


<sup>13</sup> Черников С. С. Загадка Золотого кургана: где и когда зародилось «скифское искусство». М., 1965. С. 16 бет.




1



3



2



4

4-сурет. 1 – Аржан 2 обасы; 2 – Шілікті, №5 обасы; 3 – Аржан обасы; 4 – Есік обасы

Қабір құрылысын үй сияқты ірілі, не кішілі қылып салып алғаннан кейін ғимаратты толығымен жауып тастауға міндетті болған. Аржанда да, Шіліктіде де және Бесшатырдың кейбір обаларында (№№1, 3, 6) да жер бетіндегі ағаш құрылыстың үстін, жан-жағын тас қабатымен (1-2 м қалыңдыққа дейін) жапқан. Бұл құрылысты салудың келесі кезені болса керек. Шілікті, №5 обасында жерлеу рәсімі аяқталғаннан кейін ағаш құрылысты қалыңдығы 1-1,2 м тас қабатымен жауып, оның үстінен диаметрі 40 м, биіктігі 5 м дейін өте тығыз, сары түсті топырақтан құрылыс салынған. Сосын обаның төбесіне жұмыртастарды әкеп төккен<sup>14</sup>. №6 Бесшатыр обасында ағаш үйдің үстін 3-4 см қалыңдықтағы қамыс төсеген. Шетін қалыңдығы 1-4 м ірі қиыршықпен тасты, оның үстін қиыршық таспен топырақты, сосын тасты қабатпен жапқан. Камераны он тоғыз тіреу бағана ұстап тұр (№3.4-сурет). Үш қатар бөрене және қамыспен жабылған камера үсті тегіс келеді, ылғал мен шаң кірмес үшін төбенің өсіресе шығыс жағы киіз және екі қабат қамыс қабатымен жабылған. Коридордан алдыға баратын кірер жерге үш қысқа бөрене қойылған. Коридор бөлігі төбесіне дейін таспен толтырылған. Жерлеу құрылысы үйінді жасамай тұрып айналадан төрт метр биіктеп тұрды. Тонаушылар коридор арқылы камераға кіріп тонаған. Сондықтан есік маңына кірер жер ашық болды, сол жерде қола жебенің ұштары жатты. Ішінен адамның шашылған сүйегі, қой сүйегі, құйымшағы, қыш ыдыс сынығы табылған<sup>15</sup>. Шілікті-2 қорымы, Бөйгетөбе (№1) обасын салудың екінші сатысында диаметрі 18 м, биіктігі 4,9 м таудың жақпар және өзеннің малта тастарынан үйілген тас қабаты салынды<sup>16</sup>.

Үйінді құрылымына қайта тоқталып өтсек, Жетісу мен Шығыс Қазақстан ерте көшпелілерінің архитектуралық ескерткіштеріндегі мынадай бір заңдылықты байқаймыз: көшпелілер, жартылай көшпелілер әдетте бар назарын, білімін жерлеу ескерткіштеріне, о дүниедегі өмірге арнаған. Сондықтан нағыз архитектураның көркем шеберліктерін жерлеу ескерткіштерінде, өсіресе

ірі, деңгейі жоғары ескерткіштерді қалдырған. К. А. Ақышев айтқандай, әр оба — архитектураның ансамбль<sup>17</sup>. Әр оба бірнеше құрылыс сатысынан тұрады. Ол сатылар жетік зерттеген ғалымға үйіндіден көрінеді. Осы бір қажетті ғылыми мәліметті соңғы жылдарға дейін жермен бірдей қылып адам жасаған ескерткіштерді қолмен тегістеп тастап жүрдік. Жетісу ерте темір дәуірі архитектурасының ерекшелігіне үйіндіде бірқатар тастар қабаты мен топырақ (қатты саз т.б.) қабатының араласып бірнеше, тіпті бірнеше ондаған қабат жасап кезектесе салынуда (№2.3. сурет). Мұндай архитектуралық ерекшеліктерді Сауыр-Тарбағатай «патшалық» обалары зерттеушілері де ашты. Бұрынғы С. С. Черников сынды зерттеуші-ғалымдардың үйіндіден қатты саз қабаты бар деп №№2, 3, 5, 7, 9 және №35 обаларды қазғанда жазғандары ағаш бөренелі құрылыс, тас үйінді үстіне сатылай, байланыстыра ойылған шымдардан тұрғызылған, ұшына таман қысқара келетін «пирамида» болып шықты (№2.7. сурет). Бұл міне, жергілікті ерекшелік. Мұндай конус тәрізді құрылым М. П. Грязновтың жазуынша, Аржанда да болған<sup>18</sup>. Тек осы бір ірі ескерткіштегі олықылық үйіндісінің антропологиялық өсерден болып жойылып кетуі. Бұндай құрылымды обалар жоғарыда айтып өткендей, Алматы қаласынан 30 шақырым шығыста Новоалексеевка қорымы, №2 обасында да бар (№2.6-сурет). Мұндағы ерекшелікке конус шеті, үсті және төрт қырында бір қатар ірі жұмыртастар қатарының қойылуы. Шіліктіліктерге ұқсас оба құрылысын 2006 жылы Ә. Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Алматы қаласында Ұлжан обаларын қазуда байқадық<sup>19</sup>. Онда қабір үстінде тас құрылыс, саз топырақ қабаты (мүмкін, шым қабаты), сосын ірі жұмыртастардың бір қатары кетеді.

Қазіргі таңда өзекті, кеңінен зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі — обалардың астындағы қабірге кірер жер асты жолдары, «есіктер», дромостар т.б. Бесшатыр обаларына кіре беріс құрылымдарының бірінің аласа болып келуі, екіншісінің (дромос) биік салынып, аузының ашық болуы тән. Шілікті 3, №1 обасындағы қа-

<sup>14</sup> Черников С. С. Загадка Золотого кургана: где и когда зародилось «скифское искусство». М., 1965. С. 19 бет.


<sup>15</sup> Акишев К. А. ИАЭ — 1959-1960. Дневник раскопки Шестого Бесшатырского курган. 24 бет. // ҚР БЖҒМ АИ мұрағаты. №723 іс.

<sup>16</sup> Толеубаев А. Т. Отчет по научному проекту «Сакские памятники Чиликтинской долины» Алматы, 2004. С. 123. // ҚР БЖҒМ АИ мұрағаты.

<sup>17</sup> Акишев К. А., Кушаев Г. А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. Алма-Ата, 1963. С. 63.

<sup>18</sup> Грязнов М. П. Аржан. Л., 1980. бет.

<sup>19</sup> Қазба қорытындысы бойынша ғылыми есебі дайындалуда.



бірден оңтүстік-шығысқа қарай созылатын, ұзындығы 14 м, ені 2,4 м, тереңдігі 0,9 м дромос еденінің деңгейі, ішінің көлемі, төбесінің жабылу ерекшелігіне қарай бірнеше бөліктен тұрғанын зерттеушілер анықтады. Мұндағы Бесшатырмен ұқсастыққа дромосқа кіре беріс бөлігінің (ұзындығы 3 м, ені 2,2 м) биіктеу орналасуы, кіре берістен дромостың негізгі дәлізіне өтер тұстың төмендеп барып қосылуы мен дромостан қабірге жақындаған аузындағы 3 метрдей бөлігінің едені тағы 0,3 метрге төмендеуі, аздап кеңіюі жатады. Бұл қабырғаның аузындағы тағы бір арнаулы бөлік болса керек. Дромостың екі босағасында кіші көлемді екі тас қойылғаны қызық. Дромос жуандығы 12-18 см, ұзындығы 5 метр бөренелермен көлденеңінен жабылған. Дромостың жердің бетіндегі екі жақтау қабырғасына төбесін жапқан көлденең сырғауылдар солардың үстіне жатқан әр қайсысының үстіне ұзынынан 3-5 бөренелер тастаған. Дромостың кіре беріс бөлігі оның басқа жақтарынан биік болған, оның төбесі екі қабат сырғауылмен жабылған. Дромостан қабір шұңқырына өте беріс те 2-3 қабат ағаштан жабылған сияқты<sup>20</sup>.

Шілікті, №5 обасында дайындалған шұңқырдың ортасынан шығыс қабырғаға қарай ені 2 м, тереңдігі 1 м батысқа қарай созылған дромос бар. Онда дромостан шыққан топырақты оңтүстік және солтүстік бөлікке лақтырған<sup>21</sup>. Шілікті-2 қорымы, Бәйгетөбе (№1) обасының қабір шұңқырының шығыс жағынан үлкен және кіші

дромос ашылды. Жерлеу орнына апаратын үлкен дромостың ұзындығы 15,65 м, ені 2,5-3 м, тереңдігі — 0,9-1 м еді. Оның төбесі көлденең салынған бөренелермен жабылған. Үлкен дромостың орта шенінің 5,5 метрдей тұсы түгелімен ірі тастармен бекітілген. Үлкен дромоспен қабір шұңқырының аузына жақындағанда қосылатын жерде кіші дромос (ені 0,8 м, тереңдігі 1,4 м) салынған. Кіші дромостың ішінен асық, ірі қара малдың жіліншік сүйектері табылды. Дромостан қабірханаға кіретін есіктің ені 1,2 м, биіктігі 1 м болған<sup>22</sup>. Сопақша пішінді қосымша құрылыстың үстін тек бөренемен «уақытша» жабуы мүмкін. Сол шұңқырда, бөренелі құрылыстың шығысынан ғұрыптық салттарды орындауы мүмкін. Бұл дромостың бәрі үйінді астында. Осындай дромос Шілікті қорымы, №7 обасында да байқалады. Ондағы қабір шұңқырының шығысында ұзындығы 5 м, ені 1-1,1 м коридор кетеді де, 5 м кейін коридор сопақша пішінді, ені 1,9, ұзындығы 3,4 м шұңқырға айналады. Коридорды арасын ашық етіп бөренелермен, сосын таспен жапса, сопақша шұңқырды тек бөренемен ғана жапқан, тастар жоқ<sup>23</sup>. №6 Бесшатыр обасы камерасының солтүстік-батысында солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа созылатын шұңқыр камера қабырғасының астымен сыртқа кетеді. Бұл камера еденінен 1,6 м тереңдікте катакомба болды. Жерасты жолы табиғи жыныста жасалған, басты кіру мен жанындағы тармақтардан тұрады. Бастысы үйіндінің солтүстік-батысынан оңтүстік-

<sup>20</sup> Толеубаев Ә. Т., Умітқалиев Ұ. Ұ., Шайкен Ж. және т.б. Шілікті 3 қорымының №1

обасын зерттеу қорытындылары // Мемлекеттік мәдени мұра бағдарламасы бойынша 2005 жылғы археологиялық зерттеулер жайлы есеп. Алматы, 2005. 120-122-66.

<sup>21</sup> Черников С. С. Загадка Золотого кургана: где и когда зародилось «скифское искусство». М., 1965. С. 13.

<sup>22</sup> Толеубаев А. Т. Отчет по научному проекту «Сакские памятники Чиликтинской долины» Алматы, 2004. С. 107. // ҚР БЖҒМ АИ мұрағаты.

<sup>23</sup> Черников С. С. ВКАЭ в 1949 году. // ҚР БЖҒМ АИ мұрағаты. №176 іс. С. 37.

5-сурет. 1 — Шығыс Қазақстан, Майемер, «Ілбісін» бейнеленген ағаш өшекейдегі алтын каптама; 2 — Батыс Сібір, Петр I-дің коллекциясы, «Ілбісін» бейнелі алтын өшекей; 3 — Тува, Аржан обасы, №2 жерлеу камерасы, дискідегі айналма жолбарыс бейнесі; 4 — Шығыс Қазақстан, Юпитер ауылы, «Ілбісін» басты қола пышақ; 5 — Минусин мұражайындағы қола өшекей; 6 — Шығыс Қазақстан, Шілікті №5 обасы, «Ілбісін» бейнелі өшекейлер; 7 — Камадағы Зуев қорымындағы бүркіттәріздес қола өшекей; 8 — Шығыс Қазақстан, Шілікті №7 обасы, мүйізі мен күйрығы бүркіттің басына ұқсас бұғы түріндегі алтын өшекей; 9 — Шығыс Қазақстан, Шілікті №7 обасы, бүркіт бейнелі алтын өшекей; 10 — Шығыс Қазақстан, Шілікті-2, №1 обасы, бүркіт бейнелі алтын өшекей; 11 — Жетісу, Ешкіөлмес жартасындағы бүркіттер мен архар бейнелері; 12 — Жетісу, Ешкіөлмес жартасындағы қабан бейнесі; 13 — Тува, Аржан 2 обасы, қорамсақтағы қабан бейнеленген алтын өшекейлер; 14 — Шығыс Қазақстан, Ертістің жоғарғы ағысы, Тамураши ауылы маны, жартастағы қабандар суреті; 15 — Шығыс Қазақстан, Шілікті №5 обасы, қабан бейнелі өшекейлер; 16 — Алматы облысы, Жалаулы көмбесі, ортасында құс бейнесі бар қос бұғының алтын мүсіні; 17 — Шығыс Қазақстан, Шілікті-2, №1 обасы, ұшып бара жатқан құс бейнелі қос тау ешкі алтын өшекей; 18 — Шығыс Қазақстан, Шілікті, №5 обасы, құс бейнелі өшекей; 19 — Тува, Аржан 2 обасы, әйел баскиімінің архар бейнелі өшекейі; 20 — Шығыс Қазақстан, Шілікті-2, №1 обасы, архар бейнелі алтын өшекей.

шығысқа қарай 2 м тереңдікте созылады. Одан әр бағытта жеті тармақ кетеді. Оның екеуі батысындағы топырақпен жартылай жабылса, солтүстік-шығысындағы біреуі ірі тастармен толтырылған. Күмбезді жартылай дөңгелек, биіктіктері 1,1-1,68 м; ендері 0,75-0,8 м. Басты жолдың ұзындығы — 55 м болған<sup>24</sup>. Неліктен есік маңы құрылымдарын, дромосты, жер асты жолдарын салды, мәні не екендігінде әлі ашылмаған сыр бар. Зерттеушілер бұл мәселе бойынша ғұрыптық мәнде және сол кезде, кейіннен ішіне кіретін жол деп екі топқа бөлінеді.

Аржан обасында солтүстік жағы ашық, бір қатар дөңгелек қоршау болды. Шілікті-2 қорымындағы қазылған Бәйгетөбе (№1) обасы табанына салыстырмалы түрде үлкен тұғыртастар қойылған бір қатар қоршау бар. Ерте көшпелілерде белгілі бір құрылысты (ол мейлі Аржандағыдай бірнеше ондаған камералы ағаш құрылыс болсын, мүмкін торлап салынған ағаш құрылыс үстін таспен жапқан құрылыс болсын) салып біткеннен кейін тіршілік иесі бар Әлемнен бөлектеу үшін оба үйіндісінің астында немесе шетінде, әр биіктік пен ендікте, бір қатарлы немесе бірнеше қатарлы тастардан салынатын қоршаулармен қоршаған. Қатардағы обалардың қабір шұңқыры сыртынан дөңгелек қоршау болса, ірі обалар сыртында да қоршаулар болған. Үлкен Бесшатыр обасында (д — 104 м, биіктігі — 15 м) үйіндіден 5-7 м жерде ені 2 м, биіктігі 0,5-0,6 м тас үйме мен дөңгелене келген ірі жұмыртастар мен тік қойылған плиталардан (менгирлер) тұратын 94 ғұрыптық қоршаулар бар. Мұнда оба — сакральды орта рөлінде.

Ғылымда Аржанмен Түгіскен мавзолейі, Синташта ғұрыптық кешеніндегі обалар ұқсас қарастырылады. Синташтадағы оба-храм (д-72 м, биіктігі—9 м) тоғыз ярусты баспалдақты, ағаштан концентрлік дөңгелек жасай салынған пирамида. Ортасы камыс пен топырақпен толтырылды. Төбесінде ағаш дінгек орналасқан тегістік алаң жатты<sup>25</sup>. Ал Шілікті қорымы, №7 обасының (Д — 42 м, биіктігі — 3 м) ортасында 30 см тереңдікте диаметрі 0,1 м ағаш дінгектің қалдығы табылған.

Үйінді төбесінен 50 см төмен тереңдіктен бастап көбіне сынған жануар сүйектері шыққан. Шілікті-2 қорымы, Бәйгетөбе (№1) обасы үйіндісіндегі тас обаның шығыс жақ төбесіне биіктігі бір метрге жуық бөрене тігінен орнатылған, оның түбінде таутекенің мүйізі мен басы жатты. Одан әріректе іші күйген сүйекке толы қыш ыдыстың қалдығы табылды. Оның маңайында және тас обаның үстінде көп кездесетін малдың шашылған сүйектеріне қарай отырып, зерттеушілер осы үйіндінің тас қабатын салып біткеннен кейін арнайы бір ғұрыптар (ас беру) орындалып, желінген малдың сүйектерін үстіне лақтырған деген қорытынды жасайды<sup>26</sup>. Ерекше айтар ескерткіш — Аркаим (№2.2. сурет). Оның ортасында 30-40 м ашық аланы бар, сыртын саз балшықтың қалың қабатымен жапқан, көлемі 3x4 м бөрене торлы құрылысты, айналасында тереңдігі 1,5-2,5 м болатын ормен қоршалған. Осы сәйкестіктер Аржанды оның мұрагері екендігінен, құрылысты салудағы ғұрыптық түсініктің сақталынғанынан хабар береді<sup>27</sup>. Бұдан тағы бір ғылыми болжамның — жерлеу орны тұрғын үйдің имитациясы екендігінің рас екендігіне көзіңіз жетеді. Мұнда Аркаим — протокала, ал Аржан — жерлеу ескерткіші.

Енді қабір іші құрылымдарын қысқаша қарастырайық. Бесшатыр обалары көбісінің тоналып кетуі салыстырмалы зерттеуде қиындық келтіреді. Мұндағы әр обадан шыққан өнер туындыларын, қару-жарақ түрлерін, тұрмыстық заттарды жан-жақты талдау жеке зерттеуді қажет ететіндіктен заттардың ұқсастықтарын жалпы ғана айтып өтпекпіз.

Есік обасы басты ашылымына беделді адам жерленген қабір шұңқырының (№4.4 сурет) жер беті құрылысының ортасында емес, Аржан 2 обасындағыдай кішкене шетте орналасуы. Бұл орналасқан жердің тоналмауынан Есіктен де, Аржан 2-ден де көшпелілер өнерінің алтын аңдарының мүсіндері, бейнелері табылды. Есік обасы үйіндісінің астында екі жерлеу орнының болғандығы белгілі. Менің ойымша, Есік обасы үйіндісінің астында Аржан 2-дей жерлеудің бірнеше

<sup>24</sup> Акишев К. А., Кушаев Г. А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. Алма-Ата, 1963. С. 60-62.

<sup>25</sup> Савинов Д. Г. Синташта и Аржан // Элитные курганы степей Евразии в скифо-сарматскую эпоху. СПб., 1994. С. 170-175.

<sup>26</sup> Төлеубаев Ә. Т., Үмітқалиев Ү. Ү., Шайкен Ж. және т.б. Шілікті 3 қорымының №1 обасын зерттеу қорытындылары // Мемлекеттік мәдени мұра бағдарламасы бойынша 2005 жылғы археологиялық зерттеулер жайлы есеп. Алматы, 2005. 117-6.

<sup>27</sup> Семенов В. А. Курганы Аржан — пространственная модель мира ранних скифов Центральной Азии // Структурно-семиотические исследования в археологии. Донецк, 2002. Т.1. С. 210.

болуы мүмкін! (№4.1. сурет) Шілікті, №7 обасының қабір шұңқыры оба ортасынан батыста және дөңгелек пішінді. Үйінді төбесінен 4,1 м тереңдікке жерасты суы шыққанға дейін қазылған. Топырақ қабатының ылғалдылығына байланысты қайтадан 0,6 метр биіктікке дейін жұмыртаспен жапқан.

Диаметрі 60 м, биіктігі 6 м Есік обасынан төртбұрышты қима-тағандағы тақтайлы еденде, төсеніш үстінде бас жағына 31 қыш ыдыс, 2 металл және 1 жазулы күміс тостағаны қойылған, қолында қамшысы, қанжары бар салтанатты киіндірілген жас адам жерленген еді<sup>28</sup>. Тоналмаған тағы бір оба — Тувадағы Аржан 2 обасы қиматағанында бастары солтүстік-батысқа қаратылған, сол қырымен, аяқтары бүгіле, сол қолы созыла, оң қолы шынтағынан бүгілген еркек пен әйел жерленген<sup>29</sup>. Еденге тірелген бөренелерге жерлеу заттарының біразын ілген (қиманың солтүстік-шығысында салтанатты белдік, оған ағаш сапты темір чекан, 40 см ұзындықтағы алтын қаңылтырмен әшекейленген қамшы, садақ, қорамсақ пен біразы алтынмен апталған темір жебелер қабан әшекейлері бар ағаш пен теріден жасалған қынабымен бекітілген; камераның батыс бұрышында алтын мойын әшекейі (пектораль) ілінулі тұрды, сонымен қатар ішіне дөңдер салынған тері ыдыстар (тек қалдығы сақталды), екі тас және бір қола ыдыс, тіпті мүйізден жасалған ыдыс та болуы мүмкін; камераның солтүстік-батысында ағаш шөміш, ағаш тарақ ілініп тұрса керек. Тек қола айна ғана бассүйектерден оң жақта, бетімен жоғары қаратылып жатты. Осы сияқты көптеген заттар табылды<sup>30</sup>. Обаның оңтүстік-шығысында құрылысты салу барысында 14 жылқыны жерлейтін орын арнайы дайындалып кеткен. Аржан 2 обасындағы әйел баскимінің архар бейнелі әшекейі (№5.19 сурет) Шілікті-2, №1 обасынан табылған архар бейнелі алтын әшекейге (№5.20 сурет) жасалыну жолы жағынан ұқсайды.

Шілікті, №5 обасында басы шығысқа қаратылған, арқасымен жатқан марқұмның денесін жонылған жуан тақтайлардан жасалған еденге өкеліп қойған.

Қорамсақ жерлеу салтына арнайы жылқының, не бұғы терісінен жасалған. Бүркіт бейнелі қаңылтыр бас киімге тігілген (№5.9-сурет). Ондай бейнелер Жетісу тастарындағы суреттерде бар (№5.11-сурет). Тағы бір бейне мысық тәрізді жыртқыштың табаны мен құйрығы денесінің астына қайырылып, сақиналанып барып бітеді (№5.6-сурет). Бұл бейне б.з.д. V ғ. кең тараған. Құлаған аңның ажал алдындағы ширығуы. Бұл бейнеге ұқсас дискілер Майемер көмбесінен табылған «ілбісін» бейнеленген ағаш әшекейдегі алтын қаптама (№5.1-сурет), Петр I-дің коллекциясындағы «ілбісін» бейнелі алтын әшекей (№5.2-сурет) мен атакты Аржан обасы, №2 жерлеу камерасындағы айналма жолбарыс бейнесі бар дискі (№5.3-сурет). Қабанның кенеттен тұра қалу бейнесі (Шілікті, №5 оба) Тувадағы Аржан 2 обасындағы қорамсақтағы қабан бейнеленген алтын әшекейлерде (№5.13-сурет), Ертістің жоғарғы ағысы, Тамураши ауылы маңындағы (№5.14-сурет) және Жетісудағы Ешкіөлмес жартастарындағы суреттерде де кезігіп отыр. Балық пен қабан бейнелері Тувадан табылған б.з.д. VIII ғ. соңы мен VII ғ. басына жататын Аржан 2 обасынан табылған заттарға ұқсас.


Элитарлық обалар, біріншіден, ел-жұрттың бәрі жиналатындықтан монументальды құрылыс болуы шарт, екіншіден, қоластындағы бағыныштылар мен көршілерінен зат бұйымдардан бастап жылқыға дейін өртүрлі тарту түссе және үшіншіден, патша обасындағы заттар қарапайым жұртшылық обаларында кең таралмаған импорттық және экспорттық зат болуы тиіс сияқты.

Көшпелілер бес қаруын, ат әбзелдерін, ерекше сәттерде (көшпелілер үшін бұл той және өлім болса керек) киетін киімдері мен ыдыстарын барынша мықты шеберлерге өз талғамына сай жасатты. Заттарға анық бір аңның, құстың, не жануарлардың бейнесін немесе бірнеше аңның дене мүшелерін біріктіру арқылы сол затқа және затты алып жүруші тұлғаға әдемілікпен қатар көпмөнділік, сикырлық қасиет қондырады деп түсінген. Әрине, мұндай ерекше өнер туындылары қолында билігі, не байлығы бар беделді адам-

<sup>28</sup> Ақишев К. А. Курган Иссык: искусство саков Казахстана. М., 1978.

<sup>29</sup> Чугунов К. В., Парцигер Г., Наглер А. Элитное погребение эпохи ранних кочевников в Туве (предварительная публикация полевых исследований российско-германской экспедиции в 2001 году) // Археология, этнография и антропология Евразии, Новосибирск, 2002. 2(10).

<sup>30</sup> Аржан. Источник в Долине царей. Археологическая открытия в Туве. 2004. С. 16-34; Чугунов К. В., Парцигер Г., Наглер А. Золотые звери из долины царей. Гос. Эрмитаж, 2004.



дар ғана жасата алғандығы ақсүйектер обаларын бөліп көрсетуде бір анықтауыш белгі болар. Олардың қолынан жасалған әр туындыдағы (мейлі ол таудай үйінді, не өнер туындысы болсын) бөлшектер олардың дүниенің құрылымы, оны түсінуі жайлы мағлұматтар береді. Өлгендер мен ата-баба рухын құрметтеу, тағзым ету, құрбан шалу, От пен Күнге табыну ерекше орын алды. Әлемдегі әр нәрсенің өз тиеселі орны, киесі бар, тіпті Иесі бар деп соларға деген өмірді үйлесімге әкелетін ғұрыптар мен салттарды уақытында тұрақты орындап тұрған секілді болып көрінеді. Жалаулы көмбесіндегі сақ патшасының обасынан кезінде тонаудан алынған беделді адам киімі мен оның пырағының өзгешеліктерінің ішінде мүйіздері ағаштың бұтақтары тәріздес үшкірлене келіп біріккен, ортасында жоғарыға ұмтылған гриф құстың бейнесі бар, бастары екі жаққа қараған, аяқтары бауырына бүгулі бұғылар әшекейі (б.з.д. VII-V ғғ.) (№5.16 сурет) Шілікті-2, №1 обасынан шыққан ұшып бара жатқан құс бейнелі қос тау ешкі алтын әшекейіне (№5.17) қатты ұқсас. Бұл мүсіндегі құс бейнесі Шіліктідегі №5,

Шілікті 2, №1 обасынан табылған заттарға сәйкеседі (№5.18-сурет).

Дін басыларынан бастап тайпалық одақтың басшысына дейінгі жоғарғы топ өкілдерінің көптеген қабірлері үстіне талай керемет ескерткіштер салынғаны аян. Сол ескерткіштерді жана ғылыми әдістеме негізінде жан-жақты зерттеу қажет.

**Резюме**

Данная статья посвящена исследованию элитных курганов раннего железного века Восточного Казахстана и Семиречья. Анализируются погребальные памятники, такие как Чиликты, Бесшатыр, Иссyk, Ново-Алексеевка, рассматриваются вопросы мегаструктуры комплексов, надмогильных сооружений, подкурганых сооружений, внекурганых сооружений и следы ритуальных действий.

**Resume**

This article devoted to research of elite's kurgan of West Kazakhstan and Semirechy in early iron period. In article analyzed burial monuments like a Chilikti, Besshatir, Issyk and Novo-Alekseevka. And revision the questions of mega structure, over grave's structure, structure of under kurgan, structure of outside kurgan and traces of ritual action.